

1. Баркер А. Новые Религиозные Движения. – СПб.: РХГИ, 1997. – 263с.

2. Энциклопедия религий (статья «Тоталитарные секты и культы»). – М.: Академический Проект, 2008. – 152 с.

3. Долгова А. И., Чуганов Е. Г., Белоцерковский С. Д. Экстремизм и другие криминальные явления. — Российская криминологическая ассоциация, 2008. – 127с.

4. Тоталитарные секты и демократическое государство: материалы международной конференции Новосибирск, Россия 9-11 ноября 2004 г.

5. Крысько В. Г. Словарь-справочник по социальной психологии. — СПб.: Питер, 2003. — 415 с.

6. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006. С. 51

7. Кантеров И.Я. Новые религиозные движения в России: (религиоведческий анализ) Московский гос. ун-т им. М. В. Ломоносова,— Москва, 2006. — 467 с.

8. Мартинович В.А. Возникновение сект. // Этносоциальные и конфессиональные процессы в современном обществе: материалы междунар. Науч. Конф., Гродно, 8-9 декабря 2006г. – Гродно.: ГРГУ им.Я.Купалы, 2007. – С. 237-242.

9. Scholem G. Revelation and Tradition as Religious Categories in Judaism // The Messianic Idea in Judaism and other Essays on Jewish Spirituality. – New York.: Schocken Books, 1974. – P. 288-289.

10. Shils E. Tradition. – Chicago: University of Chicago Press, 1981. – P. 95-96.

11. Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Алматы: Әрекет Принт, – 2009. – 275 б.

В статье рассматривается проблема определения религиозного новообразования.

The article discusses the problem of defining a religious neoplasms

А.Д. Құрманалиева

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА» МІНСІЗ ҚОҒАМ РЕТІНДЕ

Әл-Фарабидің жетік адам басқарған *мінсіз қайырымды қоғам* («*әл-мадина әл-фадила*») құру туралы көтерген мәселесі әрқашан өзекті. Біріншіден, әділетті басшы басқарған мінсіз қоғамның негізін қалыптастыру – әр заманның арман-тілегі, екіншіден, қайырымды қоғам жалпыадамзаттық кеңістікке бейімделген. Ол кез-келген дәуір, кез-келген халық мүддесімен сабақтас. Қайырымды қаланың тілі не діні, мәдениеті не өркениеті сан-саққа соқпайды. Қайырымды қаланың мүшелерін ортақтастыратын белгі біреу – қоғам мүшелерінің ортақ мақсаты жолында жетілуге ұмтылу. Бақытқа жету жолында «қайырымдылық» нормаларына сәйкес бір-бірін қолдап отыру – қайырымды қаланың өзіндік ұстанымы.

Әл-Фарабидің «қайырымды қала» құру идеясындағы басты әдіснамалық ұстаным адамның құлықтық деңгейінің көрсеткішіне негізделген. Қаланың сандық және сапалық қасиет жағынан бөлінуі осыған тікелей айғақ. Қоғамдардың ұлы, орта, кіші болып бөлінуі жүйеленудің сыртқы формасы ретінде дәйектелсе, бұл саралауда ең маңызды критерий – қалалардың сапалық белгісі.

Ойшыл құлықсыз, айырбас, адасқан және т.б. надан қалаларды келтіруі оның әлеуметтік танымының әдіснамалық негізінің ерекшелігіне әкеліп тірейді. Қоғамдық идеал «қайырымды

қала» мен «жетік адам» – біреу, қалған надандық белгілері жайлаған қала не адам саны көп. Қалалардың ішкі құрылысындағы надандық белгілерінің қай түрі басым болса, қаланың да солай аталуы – ойшыл әдіснамасының өзіндік сипаты. Бүкіл қала адамның құлықтық ерекшелігімен дәйектеледі.

Әл-Фараби қаласының қайнар көздері Платон, Аристотельдің тұлғалары қалыптасқан грек философиясында. Платонның қоғам туралы ілімі «*үш тап теориясы*» негізінде дәйектелген [1]. Аталмыш теорияға сәйкес, үш тапқа *философтар, әскерилер, еңбеккерлер* жатады. Философтар идеяларды пайымдау арқылы мемлекетті басқарады. Әскерилердің мақсаты мемлекетті ішкі және сыртқы жаудан құтқару және үшінші тап – мемлекеттің материалды жағдайын бір қалыпта ұстап тұратын қолөнерші, шаруа халық.

Аристотель билікті белгілі бір пайдакүнемдік мақсатта пайдалануға қарсы идеяны ұстанды. Грек философы биліктің халық игілігіне жұмсалуды дәріптеді. Аристотель «Саясатындағы» мемлекет – саяси қарым-қатынастың көрсеткіші. Бірақ бұл мемлекетте байлық жинау басты мақсат емес, басты мұрат – мемлекет ісін дұрыс жүргізу.

Платонның «Мемлекеті», «Заңдары», Аристотельдің «Никомах этикасы», үнді,

парсылардың дүниетанымымен (Абдаллах Ибн әл-Мукаффаның интерпретациясындағы шығармалар) қатар мұсылман заңгерлері – «факихтер» еңбектерінің әл-Фарабидің қоғамдық көзқарастарына ықпал еткені ойшыл еңбектерінен анық көрінеді.

Діни мұсылмандық құқық тек діни уағыздар трактовокасын беріп қана қоймай, мұның үстіне жеке тұлға ретінде мұсылманның қоғамда өзін-өзі ұстауы, басқа қоғам мүшелерімен қарым-қатынас кодексін қалыптастырды. Мұсылман мемлекет азаматы, қоғам мүшесі, қала тұрғыны сипатында суреттеледі. Мұсылманның қоғамдық өмірі заңға бағынуы тиіс. Бұл заң Алладан келген соң, ол ең жетілген, кемшілігі жоқ болып табылады. Мемлекет сондықтан осы заң негізінде құрылып, ары қарай дамуы да Алладан түскен заңмен реттелуі тиіс. Діни заңның жоғарғы дәрежелігі дінді философиядан артық көрсетеді. Шариат философтардың заңынан биік, себебі шариат кемелденген қоғамның тұрғынына тек бұл дүниеде ғана емес, о дүниеде де рахат беріп, бақытқа жеткізеді. Ал бұл дегеніңіз гректердің тек осы дүниеде ғана бақыт әкелетін «номосынан» әлдеқайда маңызды саналды.

Әл-Фарабидің «қайырымды қаласында» негізделген бірқатар тұжырымдар өзінен кейінгі Ибн Сина, Ибн Баджа, Ибн Туфейль, Ибн Рушд, Ибн Халдун еңбектеріне беделді орын алады. *Ибн Сина бойынша*, мемлекет адамдардың бір-біріне деген қауымдасып өмір сүру қажеттігінен туындайды. Бұл бірлестік заңдылық пен әділеттік нормаларына мұқтаж болса, соңғылары өз кезегінде заң шығарушы адам болмысына мәжбүрлік танытады. Жақсы басшы, Ибн Сина көзқарасына сәйкес, қала тұрғындарын қайырымды істерге бастап, соның арқасында мейірімді адамдар қатарын молайтады. Ибн Сина өзінің әлеуметтік ілімінде пайғамбарлық басқару ісіне көп назар аударады. Қысқаша айтқанда, мұнда біздің айтайын дегеніміз – Ибн Сина мен әл-Фараби пікірлерінің астасуына көзіміз жетті.

Ибн Баджаның әлеуметтік көзқарасы әл-Фараби ілімімен іштей сарындас болғанмен, Ибн Баджа адамның өзін-өзі басқару тезисін тұжырымдаумен ерекшеленеді. Оның ойынша, «жетілмеген қалада» өмір сүретін философ жалғыздық күй кешеді. Ол айналасындағы басқа қала мүшелері сенбейтін шынайы ақиқатқа өзін-өзі жетілдіру арқылы ұмтылуы тиіс және философ басқа қала тұрғындары тарапынан қолдау таппаса да, ол шынайы философ болып қала береді.

Ибн Рушд болса, әл-Фараби әлеуметтік философиясында қозғалған барлық мәселелерді қамти отырып, адамның жеке, қоғамнан тыс өмір сүру салтының мүмкін еместігі идеясын мақұлдайды. Адамның кемелденуі өзі сияқты

қоғам мүшелерімен тікелей қарым-қатынасымен байланысты, ондағы жетілу процесі интеллектуалды танымның кемелденуі арқылы жүзеге асады.

Әл-Фараби мұрагерлігін сезінген авторлардың ішінде *Ибн Халдун* орны ерекше. Философтың тұжырымынша, адамдардың бірігуі әуел баста ең қарапайым себептерден (тамақ мұқтаждығы және қорғану қажеттігі) басталған. Дегенмен адамның жануарлық қажеттіктері белгілі бір билік арқылы басқарылуы тиіс. Бұл адамдардың қауымдасып, бір басшыға бағынуын қалыптастырады. Табиғи сұраныстан пайда болған қала басшының әміріне тәуелденуі тиіс.

Араб-мұсылман философтарының «қалалары» тікелей этикалық категория «қайырымдылық» негізінде құрылған. Адам игілігіне қызмет ететін қалалар гуманистік идеялардың ортағасырлық эквиваленті іспеттес. Аспан әлемі мен жер беті, табиғилық мен метафизикалық – ойшыл философиясының өзегі. Ал оның түйістірер дәнекері – адам. Адам кемелденуі белгілі бір қала шеңберінде қалыптасады.

Әл-Фараби белгілі бір мемлекетті қала деп атай отырып, қаланың бірнеше түрлеріне сипаттама береді. Қала атауына үлкен мемлекеттер, кіші қалалар, ауыл, кварталдар жатуы мүмкін. Оларды біріктіретін жалпы белгі – адамдардың қауымдасып өмір сүруі және бірінші басшымен басқарылуы. Әл-Фараби адамдар қоғамы туралы ілімін Платон іліміндегідей философиялық мәселелермен байланыстырып зерттейді. Ол қоғам құрылымын суреттемес бұрын, жалпы дүние құрылымына тоқталады. Қоршаған әлемнің қайнар көзі бірінші себептен туындаса, мемлекетте әр нәрсенің бастамасы бірінші басшыдан шығады. Әл-Фараби жер бетіндегі адам қызметінің маңыздылығын ғаламдық заттардың пайда болуындағы бірінші себептің атқаратын рөлімен теңестіреді. Адам – хайуандардың ішіндегі ең жетілгені. С.К. Сатыбекова әділ бағалап өткендей, «құдай аспан әлемінде қандай жетілген мән болса, адам – жер бетінде сондай мән» [2].

Адам – «саяси жануар» деген белгілі аристотельдік анықтама әл-Фараби философиясынан тікелей қоныс тепкен, себебі адам, оның ойынша, «көптеген адамнан көмек алмайынша барлық кәметтікке жападан-жалғыз жете алмайды». Мемлекеттің құрылуы, ғалымның әлеуметтік танымына сәйкес, адамдардың өзара қарым-қатынасқа мәжбүрлігінен туған. Осы тұжырымға сүйеніп, әл-Фараби мемлекет-қаланың пайда болу себептерінің мән-жайын ашуға көп тоқталмайды. Платон қаланың құрылуын тумыстан табиғи қажеттілікке баласа, Аристотельдің қаласы жанұядан бастау алып, ары қарай мемлекетке дейін көтеріледі. Әл-

Фараби «Таза ағайындардың» көп сатылы басқарылуын мойындап, сондай-ақ оған мүліктік жағын қосқан. А.М. Джахид әл-Фараби ілімінде мемлекеттің пайда болу негізі «табиғи қажеттілік, осы саяси аппаратқа ерік күшімен талпыну, сондай-ақ мүліктік белгілерге байланысты» [3] екенін дәйекті тұжырымдайды.

Қайырымды қала құру идеясының төркіні қайырымдылық ұғымынан шығады. Қайырымдылық қандай ұғымды білдіреді. Қайырымдылық негізінен этикалық және интеллектуалдық болады. «Интеллектуалдық – [жанның] ақыл-парасаттың жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық», ал «этикалық қайырымдылық – [жанның] ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік» [4, 195-196].

Адам туғаннан тек қайырымдылыққа не тек надандыққа бейім деу дұрыс емес. Адам бойына тумыстан осы қасиеттердің екеуі де біткен. Бірақ адамның қайырымдылығы мінез-құлқына, әрі тәрбиесіне байланысты. Егер туғаннан қайырымды болумен қоса, ол қасиет әдет түрінде орныкса, бұл күйдің жойылуы қиын. Ол адам нағыз қайырымды. Осы тұста адам құлқындағы қайырымдылық пен ұстамдылық негіздері ажыратылады. Ұстамды адам жақсы істер істегенде, өз ерік күші арқылы теріс істерді басып тастап отырады. Ол адам өзін қайырымдылыққа күштейді. Жақсы істер істей жүріп, ол сол жақсылық істегені үшін күйінеді. Ал қайырымды адамда іштей қарама-қайшылық болмайды. Ол табиғатынан қайырымды. Істеген жақсы істерінен қайырымды адам рахат көреді. Қайырымдылық жанына біткен адам өлімнен қорықпайды. Ол басқа адамдардың көп дәулет жинап, «өз бақытын молайту үшін өмірдің жалғасуын тілейді».

Қаланың құрылуы төменнен ең жоғарғы жетілу – адамға дейін көтерілу жолынан өтетін күрделі процесс. Қайырымды қала өзінің құрылымы бойынша ортағасырлық мемлекет екені мәлім. Әлеуметтану негіздерін арқау етсек, мемлекеттен бұрын қоғам дамуы орын алуы тиіс. Дегенмен А.М. Джахидтің дәл көрсетіп өткеніндей, «оның еңбектерінде мемлекет құрылмас бұрын қоғамның болу қажеттігі, қоғамның мемлекетсіз, мемлекеттің қоғамсыз өмір сүре алмайтыны туралы пікірлер кездеспейді» [3, 61 б.]. Ол қоғам мен мемлекет-қала жігін ашып талқылаудан алыс. Бірақ әл-Фараби олардың арасындағы айырмашылықты дұрыс байқаған: «асқан игілік пен ең биік кемелдік дәрежесіне ең алдымен қала жетпек, ал кемелдіктің ең төмен дәрежесінде тұрған қоғам бұған әсте жете алмайды».

Әл-Фарабидің «қайырымды қоғам» туралы

ойларын дұрыс және неғұрлым анық түсіну үшін, оның өмір сүрген заманына саяхат жасау жемісті нәтиже берері даусыз. Арадағы өткен ғасырларды кері ысырып тастап, әл-Фараби дәуіріне оралу қарастырылып отырған кезеңнің ғылымдар мен өнерлердің қарыштап дамыған, едәуір көркейген сәті екенін дәлелдейді. Бұрын-соңды беймәлім болып келген тылсым дүние құбылыстары ғылыми тұрғыдан негізін тапты. Таң қаларлық «тәңірлік» нәрселер адам қолынан келетін қарапайымдылыққа ауысты. Адам санасының жетілуін аңғартқан ғылыми жаңалықтар, жаратылыстану ғылымдарының алға басуы ортағасырлық мұсылман Шығысында адам, адам мен қоғам секілді мәселелерді рационалистік тұрғыдан түсіндіруге көмектесті.

Рационализмге бой ұрған ортағасырлық араб-мұсылман философиясында құдайылық пен адами екі бағытты біріктірген әлем суретін беру қажеттігі туды. Исламның жанданған тұсындағы адам тұжырымдамасы, құдайдың жаратылысы ретінде өз еркі өзінде емес адамға ерік күшін беріп, саналы хайуанның жаңа сипатын қалыптастыру алға басқан жаңалық ретінде қабылданды. Ортағасырлық философтардың ішінде әл-Фараби бірінші болып, рационалды дүниетанудың аумағын *адам жетілуі мен қоғам жетілушілігі мәселесімен кеңейтті*.

Адамның ғақли қызметінен оның еркінің белсендігін байқаған әл-Фараби адам өмірін үздіксіз жүретін таным процесі ретінде анықтайды. Осы өмірлік таным барысында адам жетілудің шыңына жетеді. Әл-Фараби зерттеулерінде ақылмен жинақталған білім адамға бақыт әкелуі тиіс. Адам неғұрлым білімді болған сайын, ол бойында жетілушілікті сезеді. Ақылдың барлық сатысынан өтіп, әрекетшіл ақылмен біріккен білімге ие философқа қайырымды қоғамның басшысы атағы берілу керек. Әрекетшіл ақылмен ақиқатқа жеткен адамды философ десек, қалың елге өмірдің мәнін, құдайдан бастама алған дүние болмысын түсіндіруде қиялмен әсер етіп, салыстырмалар арқылы уағыздаушы ол – діни ілімнің өкілі.

Әл-Фарабидің әлеуметтік танымының өзегі – қайырымды қала құру мұраты әдептілік, әділеттік және қала тұрғындарының жалпы игілікке жету жолына негізделген. Мұратты қайырымды қала ортақ бір мақсат – бақытқа жету үшін бірлескен. Ол – бір-бірін қолдап, өзара көмек көрсетуге әрқашан дайын тұрғындардың үйлесімді қауымдастығы. Әл-Фарабидің қайырымды қоғам құру мұраты шынайы өмірде ешқашан іске аспайтын құрғақ қиял болды дегенмен, ол адамдардың өмірге талпынысын білдіреді; адамзат баласының әу бастан көксеген мәңгілік мәселелерінің бірі – бақытқа жету екенін байқатады.

Әл-Фарабидің әлеуметтануында қалалардың сұрыпталуы сыртқы және ішкі белгілеріне байланысты жүргізіледі. Сыртқы белгісі – қоғамдардың көлемі жағынан айырмашылығы. Ішкісі сапалық сипатымен бағамдалады. Басты зейін қоғамдардың ішкі сипатына, яғни қоғамның қайырымды және қайырымды еместігіне аударылған. Әл-Фараби, мұнымен қоса, халықты табиғи құлқына, табиғи белгілеріне, адам мінезіне қарай сараптайды. Басты айырмашылық – тіл айырмашылығы, ойды білдірудің құралы болып табылатын сөйлем оралымдарының ерекшелігі. Халықтардың әртүрлілігімен әл-Фараби әлем мен адам арасындағы байланыс негізінде сипаттайды. Халықтар аспан денелерінің және қозғалмайтын жұлдыздар сфераларында орналасуы бойынша да бөлінеді. «Нақ осы сияқты, [не ана, не мына] халықтың тас төбесінде тұратын аспан бөлшектерінің айырмашылықтары» [4, 120 б.] да бұған басты себеп.

Қаланы құру барысында философтың ұстанар басты принциптері төменгі белгілерге саяды: теориялық ізгіліктер мен қайырымдылық ізгіліктер бір-бірінен ажырамас бірінші алғы шарттар ретінде қалыптасқан. Қайырымды қала бағыттары – қала құрылымының барлық ара қатынастарын тек әділеттікпен өлшеу; сондай-ақ қоғам мүшелерінің арасында әділетті мүлік бөлінісі; халықты тәрбиелеу және білім нәрін беруде алалаудан алшақ болу. Ерекше сипаты – қалың жұртты қала басшысының тек басқаруы ғана емес, тәрбиелеуі. Қайырымды қоғамда білімге баулу дәлелдеу, иландыру әдістері, сәйкесінше, философия мен дін негіздерін бірдей дәрежеде қолданумен жүзеге асырылады.

Әл-Фарабидің қоғам, мемлекет-қала мен адам туралы айтылған ойларынан біздің байқайтынымыз: *біріншіден*, ол қайырымды қала құруды мүмкін деп санады, *екіншіден*, аталмыш акцияның адамдарды қайта тәрбиелеу жұмысы арқылы іске асатынына кәміл сенді. Ол адамның өмірдегі басты орнын осылайша атап көрсетті. Тумыстан дана, дарынды адам – бірінші басшы билік күшімен халықты түзеуге қабілетті. Бұл үшін басшыға басқару өнері әбден қажет. Басшының басқару өнері оған қойылған он екі шартты игеруінен құралады.

Ортағасырлық араб-мұсылман философтарын толғандырған, көп жағдайда шешімін таппаған мәселелердің бірі мінсіз қоғаммен, кемелденудің шегіне жеткен мемлекет-қаламен байланысты болды. Өз ортасынан діттеген ұжмақтай қалаға сәйкес мемлекетті таппаған әл-

Фараби шындық өмірден қашып, ақиқаттан тығылмайды. Керісінше, надандыққа толы, қарама-қайшылығы мол қаланы барынша жетілдіруге күш салады, осы тұста әл-Фараби мемлекет жетілуінің өлшемдерін қалыптастырады. Қала туралы ой түйіндерін әл-Фараби Платонның «Мемлекетінен» алады. Платон идеялары теориялық қалыпқа құю ғана емес, олар практикалық қолданысымен де маңызды. «Мемлекеттің» келесі өркениеттерге әсері, әсіресе, әл-Фараби «салған» «Қайырымды қаласынан» көрініс табуы – осының дәлелі. Платонның идеалды мемлекет пен идеалды басшысы Халифаттың діни өмірі заңдылықтарымен үстемеленді. Антикалық өмір бейнесі мұсылман мемлекетінде қайтадан дүниеге келгендей болды.

Қоғамға нағыз бақытты тек шынайы философия, теориялық негізі бекем даналық арқылы ғана сыйлауға болады. Философияның қоғамдағы орны жоғары дәрежеде беку керек. Әйтпеген жағдайда, қоғам бақыттан алыстап кетеді. Сондай-ақ философтардың ахуалі нашарлап, өзін де, сөзін де тыңдар қауымды таппай, қараңғы қалада жалғыз қалып, өгейсініп, бақытқа жетуі мен жетілуі екі бөлек ағыспен кетері сөзсіз. Негізінен, бақыт жетілудің арқасында іске асады. Жетілу белгілі бір өмір сүру аймағын қажетсінеді. Философ білімі, рухани байлығы, адамгершілік қасиеті бойынша күндегі тіршіліктен жоғарылап жетілгенмен, надан қалада бақытқа жете алмайды. Жетілген философ бақытқа жету үшін қайырымды қоғам болуы тиіс. Қоғам кемелдігі – бақытқа жетудің басты шарты. Қоғам мүшесі тек жетілген қоғамда ғана кәмілеттікке жететін болса, ол жетілу жолы міндетті түрде білім алумен жүзеге асады.

1. Лосев А. Платон // *Философская энциклопедия*. – М., 1967. – Т.4. – С. 266.

2. Сатыбекова С.К. *Гуманизм аль-Фараби*. – Алматы: Наука, 1975. – С. 117.

3. Джахид А.М. *Абу Наср аль-Фараби о государстве*. – Душанбе: Дониш, 1966. – 118 с.

4. Әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар*. – Алматы: Ғылым, 1975. – 419 б.

В данной статье проанализируется взгляды аль-Фараби о жителях добродетельного города.

This article attempts to analyze the views of al-Farabi, the residents of the virtuous city.